

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**«Келес ауданы бюджетінің тиімді жоспарлануына және атқарылуына,
бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекет активтерін
пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы
бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Келес ауданы бюджетінің тиімді жоспарлануына және атқарылуына, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражатының жоспарлануы мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

«Келес аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Бірлесу ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Абай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Ұшқын ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Жамбыл ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Бозай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Ошақты ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Қошқарата ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Жүзімдік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Біртілек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы Алпамыс батыр ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Қазыналық қария - тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, үстеме тексеру «Келес ауданы әкімдігінің «Әшірәлі Кенжеев атындағы Келес аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Келес ауданы әкімдігінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Келес ауданы әкімдігінің «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2020 жылдың 01 қыркүйегімен 2023 жылдың 31 шілдесі аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Келес ауданы бюджетінің тиімді жоспарлануына және атқарылуына, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 13.09. - 15.11.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 27 аудит объектісі қамтылды, оның ішінде 1 үстеме тексеру, 22 мемлекеттік мекеме, 4 коммуналдық мемлекеттік мекеме және 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бар.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Келес ауданының бюджетті тиімді жоспарлануымен атқарылуына, аумақты дамыту бағдарламасының және бюджеттік бағдарламалардың іске асыруына, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына тиімділік және сәйкестік аудиті жүргізілді.

Жалпы Келес ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

1. Мемлекеттік аудит объектілерінің міндеттері мен функцияларының іске асырылуы.

Келес ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2020 жылы орындалуы төмендегідей:

Келес ауданының 2020 жылғы жалпы өңірлік өнімі 74 296,4 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда (60 842,6 млн. теңге) 22,1% артқан.

Халық саны 143,4 мың адамды құрап (2019 жылы 142,2 мың адам), 2018 жылмен салыстырғанда халық саны 0,8 %-ға артқан.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2020 жылы Келес ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 4 065,9 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 3,5 % артқан.

2020 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 50 366,7 млн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 114,1% артқан.

2020 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 12 564,2 млн. теңгені құраған, оның ішінде: республикалық бюджет есебінен 3 689,7 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 2 646,5 млн. теңге, жеке сектор есебінен 6 093,8 млн. теңге, басқада қарыз қаражат есебінен 131,2 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 3,0 млн. теңге.

Келес ауданында 2020 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 8 095 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 11 210 адам.

2020 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 20 143,0 млн. теңге, бұл көрсеткіш

2019 жылмен салыстырғанда 96,5%-ға төмендеген. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 29 бірлік.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2020 жылы 4 084,3 млн.теңге, бұл көрсеткіш 2019 жылмен (3739,0 млн.тг) салыстырғанда 9,2%-ға өскен.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2020 жылы 4,8% құрап, 2019 жылғы салыстырғанда (4,8) көрсеткіш өзгермеген.

2020 жылы тіркелген қылмыстардың саны 332 бірлік немесе 2019 жылмен (354) салыстырғанда 93,8% төмендеген.

Бірқатар негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау қорытындысы көрсеткендей, өткен жылмен салыстырғанда жалпы өсу үрдісі байқалғанымен, кейбір көрсеткіштер бойынша төмендеу жағдайлары да орын алған, айтқанда:

1) құрылыс жұмыстары қызметтерінің нақты көлем индексі 97,6% құрады;

2) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемінің көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 96,5%-ға төмендеген;

3) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер саны өткен жылмен салыстырғанда 138 бірлікке азайған.

«Келес ауданының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы» Келес аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 20-142-VI шешімімен бекітілген.

2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы 5 бағыт бойынша 40 индикатор көрсеткіштері (40 нысаналы индикаторлар және 29 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер) қарастырылған болса, 2020 жылдың қорытындысы бойынша, статистикалық және салалық бөлімдердің мәліметіне сәйкес көрсеткіштердің орындалуы туралы мониторинг қорытындысымен орындалған. Бағдарламада 2020 жылы іске асыруға 5 бағыт 16 мақсат бойынша 40 нысаналы индикаторлар және 29 нәтиже көрсеткіштері қарастырылған. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 35 индикаторларға, 26 нәтижелі көрсеткіштерге нақты қол жеткізілген, ал 5 нысаналы және 3 нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет аудандық мәслихат сессиясының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы №20-140-VI шешімімен бекітілген. Есепті жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігінің параметрлері 14 рет, оның ішінде өзіндік кірістер 6 рет нақтыланған. Нәтижесінде, аудандық бюджет кірістерінің бастапқыда бекітілген көлемі 30 589 209,0 мың теңгеден 31 995 874,0 мың теңгеге дейін немесе 4,5%-ға ұлғайтылған. Аудандық бюджеттің өзіндік кірістері 2 313 411,0 мың теңгеден 1 161 811,0 мың теңгеге дейін немесе 1 151 600,0 мың теңгеге (49,8%) азайтылған. Жылдың қорытындысы бойынша асыра орындау 19 354,5 мың теңгені немесе 100,1% құраған.

2020 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 32 683 783,0 мың теңгенің 32 683 114,4 мың теңгесі игеріліп, жоспар

100,0% орындалған. Шығыстар көлемін 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 4,3 пайызға кемеіп, 1 481 913,0 мың теңгеге ұлғайған.

2021 жылы

Келес ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2021 жылы орындалуы төмендегідей:

Келес ауданының 2021 жылғы жалпы өңірлік өнімі 89 621,6 млн.теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда (74 296,4 млн.теңге) 20,6% артқан.

Халық саны 145,3 мың адамды құрап (2020 жылы 143,4 мың адам), 2019 жылмен салыстырғанда халық саны 2,2 %-ға артқан.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2021 жылы Келес ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 5 059,9 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 24,4 % артқан.

2021 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 62 224 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 123,5% артқан.

2021 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 13 107,7 млн. теңгені құраған, оның ішінде: республикалық бюджет есебінен 3 848,8 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 1 384,1 млн.теңге, жеке сектор есебінен 7 723,7 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 151,1 млн.теңге.

Келес ауданында 2021 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 8 353 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 11 725 адам.

2021 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 34 080,0 млн. теңге, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 69,2%-ға төмендеген. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 29 бірлік.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2021 жылы 6 230,9 млн.теңге, бұл көрсеткіш 2020 жылмен (4 084,3 млн.те) салыстырғанда 52,6%-ға өскен.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2021 жылы 4,9% құрап, 2020 жылғы салыстырғанда 0,1%-ға артқан.

2021 жылы тіркелген қылмыстардың саны 238 бірлік немесе 2020 жылмен (332) салыстырғанда 71,7% төмендеген.

«Келес ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы» Келес аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 2-16-VII шешімімен бекітілген.

2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы 4 бағыт бойынша 28 индикатор көрсеткіштері (21 нысаналы индикаторлар және 7 түпкілікті нәтиже көрсеткіштері) қарастырылған болса, 2021 жылдың қорытындысы бойынша, статистикалық және салалық бөлімдердің мәліметіне сәйкес көрсеткіштердің орындалуы туралы мониторинг қорытындысымен орындалған.

Бағдарламада 2021 жылы іске асыруға 4 бағыт 11 мақсат бойынша 21 нысаналы индикаторлар және 7 нәтиже көрсеткіштері қарастырылған. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 20 индикаторларға, 7 нәтижелі көрсеткіштерге нақты қол жеткізілген, ал 1 нысаналы көрсеткішке қол жеткізілмеген.

2021 жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігі 29 656 653,0 мың теңгеде бекітіліп, жыл соңында жоспар 26 087 175,0 мың теңгені құрады немесе жыл басымен салыстырғанда жоспар 3 569 478,0 мың теңгеге кеміген. Есепті жылдың қорытындысымен бюджеттің кірістер бөлігі 26 129 879,0 мың теңгеге немесе 100,2% орындалған.

2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет аудандық мәслихат сессиясының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №34-246-VI шешімімен бекітілген. Есепті жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігінің параметрлері 20 рет, оның ішінде өзіндік кірістер 5 рет нақтыланған. Нәтижесінде, аудандық бюджет кірістерінің бастапқыда бекітілген көлемі 29 656 653,0 мың теңгеден 26 087 175,0 мың теңгеге дейін немесе 12,0%-ға кемеітілген. Аудандық бюджеттің өзіндік кірістері 1 228 838,0 мың теңгеден 1 561 013,0 мың теңгеге дейін немесе 332 175,0 мың теңгеге (27,0%) ұлғайтылған. Жылдың қорытындысы бойынша асыра орындау 42 703,8 мың теңгені немесе 100,2% құраған.

2021 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 26 457 460,0 мың теңгенің 26 452 534,1 мың теңгесі игеріліп, жоспар 99,9% орындалған. Шығыстар көлемін 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 19,1 пайызға кемеііп, 6 230 579,9 мың теңгеге кемеіген.

2022 жылы

Келес ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2022 жылы орындалуы төмендегідей:

Келес ауданының 2022 жылғы жалпы өңірлік өнімі 107 509,1 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда (89 621,60 млн.теңге) 20,0% артқан.

Халық саны 133,7 мың адамды құрап (2021 жылы 145,3 мың адам), 2021 жылмен салыстырғанда халық саны 7,9 %-ға азайған.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2022 жылы Келес ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 5 319,3 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 5,1% артқан.

2022 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 70 407,4 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 113,2% артқан.

2022 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 17 692,5 млн. теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 1 257,1 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 656,2 млн.теңге, жеке сектор есебінен 14 066,0 млн.теңге, шетелден тартылған инвестиция 402,2 млн.теңге.

Келес ауданында 2022 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 10 799 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 13,3 мың адам.

2022 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 32 666,0 млн. теңге, бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 27,2%-ға артқан. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 29 бірлік.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2022 жылы 7 541,2 млн.теңге, бұл көрсеткіш 2021 жылмен (6 230,9 млн.тег) салыстырғанда 21,0%-ға өскен.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2022 жылы 5,1% құрап, 2021 жылғы салыстырғанда 0,2%-ға артқан.

2022 жылы тіркелген қылмыстардың саны 270 бірлік немесе 2021 жылмен (238) салыстырғанда 13,4% артқан.

2023 дың 7 айы бойынша

«Келес ауданның 2023 жылға негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштер» бойынша облыс әкімімен меморандум бекітілген. Негізгі көрсеткіштердің 7 ай қорытындысы бойынша нақты орындалуы төмендегіше:

Өнеркәсіп өнім көлемінің жылдық жоспар 5 941,7 млн.тг құрап, қаңтар-шілде айында 2 095,5 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 100,9%.

Өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемінің жылдық жоспар 3561,1 млн.тг құрап, қаңтар-шілде айында 503,6 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 100,9%.

Негізгі капиталға бағытталған инвестициялар көлемінің жылдық жоспары 22 900 млн.теңгені құрап, қаңтар-шілде айында 7194,9 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 132,7%.

Ауыл шаруашылығы өнім көлемінің жылдық жоспары 76 040,0 млн.теңгені құрап, қаңтар-шілде айында 24 149,6 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 104,6%.

Құрылыс жұмыстарының көлемінің жылдық жоспары 10 270,0 млн.теңгені құрап, қаңтар-шілде айында 1569,3 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 98,0%.

Тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің жылдық жоспары 22 630 ш.м. құрап, қаңтар-шілде айында 11 825 шаршы метрді құраған.

Атаулы әлеуметтік көмек бойынша жылдық жоспар 11 888 адамды құраса, қаңтар-наурыз айларында 9 742 адамға АӘК тағайындалып төленген.

Ашылатын жұмыс орны бойынша жылдық жоспар 6084 адамды құрап, қаңтар-шілде айында 3 286 азамат жұмыспен қамтылған.

Шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығарылымы жылдық жоспары 48 634,0 млн.теңгені құрап, қаңтар-наурыз айында 8 042 млн. теңгені құраған, нақты көлем индексі 103,4%.

Келес ауданы бюджетінің кірістері 2023 жылдың 7 айының қорытындысымен жоспар 5 992 550,0 мың теңге болса нақты орындалғаны 6 173 133,4 мың теңге. Есепті кезеңнің қорытындысымен жоспар 103,0 пайызға немесе 180 583,4 мың теңгеге артық орындалған.

Бюджеттік кредиттердің 2023 жылғы 7 айдағы жоспары 258 750,0 мың теңге және толығымен орындалған.

Бюджеттік кредиттерді өтеу 2023 жылғы 7 айдағы жоспары 52 071,0 мың теңге болса нақты орындалғаны нақты орындалғаны 69 363,1 мың теңге. Есепті кезеңнің қорытындысымен жоспар 133,2 пайызға немесе 17 292,1 мың теңгеге артық орындалған.

2023 жылдың 7 айының қорытындысымен жоспар 97,9 пайызға игерілген немесе қалдық 141 717,6 мың теңгені құраған (есепті кезеңге жоспар 6 752 792,0 мың теңге, нақты игерілгені 6 611 074,4 мың теңге).

2. Мемлекеттік аудит объектілерінің бюджеттік бағдарламаларының орындалу тиімділігі.

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалынған. Жасалынған бюджеттік өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің нақтыланған, түзетілген бюджетке сәйкестендірілген.

Шығыстар есептеулері бекітілген заттай нормалардың негізінде жасалынған. Атап айтқанда:

- 111 «Еңбекке ақы төлеу» ерекшелік бойынша мекеме қызметкерлерінің жалақыларын есептеуде бекітілген штаттық кестеге сәйкес есептелген. Штаттық кесте ҚР Үкіметінің 30.10.2017 жылғы №687 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларына, ҚР Үкіметінің 16.10.2017 жылғы «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілерге еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» №646қбп қаулысына (өзгерістер енгізілді: 30.06.2021 жылғы №451қбп қаулысымен), ҚР 23.11.2015 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» №416-V ҚРЗ Заңының 53-бабына, Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 23-бабы 2-тармағы 5)-тармақшасына, 24-бабына және 103-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 358-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 18.10.2013 жылғы №1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидаларының 3-тармағына сәйкес есептелген;

- 113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелік бойынша қызметкерлердің жылына бір рет шығатын еңбек демалысы кезінде алатын емделу ақыларының есептемелері бекітілген штаттық кестеге сәйкес есептелген. Өтемақы төлемдері Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 87-бабына және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңын басшылыққа алып, экологиялық қасірет аймақтарда тұрғаны үшін 20% пайыз қосымша ақыға сәйкес есептелген;

- 121 «Әлеуметтік салық» ерекшелік бойынша қызметкерлердің жалақысына есептелетін әлеуметтік салықты есептегенде Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін

басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 486, 487-бабтарына сәйкес есептелген;

- 122 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелік бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарын есептегенде Қазақстан Республикасының 26.12.2019 жылғы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №286-VI ҚРЗ Заңына сәйкес есептелген;

- 124 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелігіне бойынша Қазақстан Республикасының 16.11.2015 жылғы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» №405-V ҚРЗ Заңының 26-бабы 2-тармағына сәйкес әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына төлейтін аударымдарына (2 пайыз) есептелген;

- 131 «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша келісім-шарт негізіндегі азаматтық қызметшілер мен жұмысшыларға Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысына және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңын басшылыққа алып, экологиялық қасірет аймақтарда тұрғаны үшін 20% пайыз қосымша ақыға сәйкес есептелген;

- 135 «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» ерекшелігі бойынша азаматтық қызметшілер мен жұмысшылардың әлеуметтік салығы және әлеуметтік сақтандыруды жоспарлау Қазақстан Республикасының 10.12.2008 жылғы №99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 486, 487-бабтарына және Қазақстан Республикасының 26.12.2019 жылғы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» №286-VI ҚРЗ Заңына сәйкес есептелінген;

- 136 «Техникалық персонал ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» және 161 "Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар" ерекшелігі бойынша шығыстар есептеу кезінде "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және "Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулылары басшылыққа алынған;

- 149 "Басқа қорлар сатып алу", 159 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар", 169 «Өзге де нысаналы шығыстар» ерекшеліктері бойынша өткен қаржы жылындағы нақты шығыстар ескеріле отырып, мекеменің қажеттілігіне қарай қаржылар жоспарланған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу

нұсқаулығының» 48 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББІА нысаны бойынша жасайды және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен ұсынылған.

3. Мемлекеттік аудит объектілерінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасау кезіндегі Қазақстан Республикасының заңнамаларының сақталуы.

Мемлекеттік аудит объектілерінде бухгалтерлік есеп жүргізу «1С бухгалтерия» бағдарламасымен жүргізілген. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы және дұрыстығына аудит жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есебінде операциялар мен оқиғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары» негізінде көрсетілген және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына» сәйкестендірілген.

Бухгалтерлік есеп құжаттары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандары альбомы» бекітілген нысандарға сәйкестендірілген.

Мекеменің қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылған және осы аталған бұйрықтарға сәйкес «Бухгалтерлік баланс», «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп», «Қаржыландыру көздері (тікелей әдіс) бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп», «Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп», «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» есептері жасалып, мерзімінде ұсынылған.

Мекемеде шығыс операцияларын жүзеге асыруды ағымдағы қаржы жылына арналған төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары шегіндегі шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жүргізілген.

Бюджеттік есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №630 бұйрығына сәйкес жасалған және уәкілетті органға белгіленген мерзімде тапсырылған.

Келес ауданының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілуде.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша

Жалпы аудитпен 21 188 248,8 мың теңге қамтылды, оның ішінде 01.09.-31.12.2020 жыл кезеңі бойынша 1 167 478,6 мың теңге, 2021 жыл кезеңі бойынша 5 974 793,2 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 8 897 456,0 мың теңге, 01.01.-31.07.2023 жыл кезеңі бойынша 5 148 521,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 27 объектінің ішінде 11-объектіде **8 115 935,4** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **4 260,8** мың теңге;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **8 111 674,6** мың теңге.

2-объектіде анықталған тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **48 194,7** мың теңге.

2-объектіде анықталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **145 254,1** мың теңге.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **8 115 935,4** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **8 111 674,6** мың теңге, өтелуге жататыны **4 260,8** мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **7 774 841,6** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 7 774 588,1 мың теңге қалпына келтірілген болса, 253,5 мың теңгесі өтелген*).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы **128** бірлік бұзушылық фактілері **17** объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары **7** мекемеде **4 260,8** мың теңгені құраған, атап айтқанда:

1. Айлық жалақымен қызметтік іссапар шығыстарын дұрыс есептемеу салдарынан **7** мекемеде **519,9** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған, олар:

- «Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **70,0** мың теңге;

- «Келес ауданы Ошақты ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **85,8** мың теңге;

- «Келес ауданы Алпамыс батыр ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **235,7** мың теңге;

- «Келес ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **30,6** мың теңге;

- «Келес ауданы әкімдігінің «Әшірәлі Кенжеев атындағы Келес аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша **37,2** мың теңге;

- «Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **41,0** мың теңге;

- «Келес ауданы әкімдігінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **19,6** мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іс-сапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 2-тарау 3 тармақ 1,2 тармақшаларының талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 175 тармағының талаптары сақталмаған.

2. Бюджет қаражатын негізсіз жұмсау салдарынан **1** мекемеде **3 741,0** мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған:

- «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **3 741,0** мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97-бабы 6-тармағының талаптары сақталмаған.

II. 4 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы **8 111 674,6** мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

- «Келес ауданы Абай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **274 489,5** мың теңге;

- Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **1 602,6** мың теңге;

- «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **7 698 748,6** теңге;

- Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша **136 833,9** мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4, 15, 33 тармақтарының талаптары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығы талаптары, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 4 бабы, 5 бабы 1,2 тармағының, 6 бабы 1,3 тармақтарының, 15 бабы 1 және 2 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 3 тармағының 1) тармақшасы, 5, 20 және 21 тармақтарының талаптары сақталмаған.

III. 2 мекемеде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **48 194,7** мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

- Келес ауданы әкімдігінің «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде **20 000,0** мың теңге;

- «Келес ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде **28 194,7** мың теңге.

Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 12-4-тармақшасы, 4-бабының 12-тармақшасының талаптары сақталмаған.

IV. 2 мекемеде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **145 254,1** мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

- Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде **2 168,2** мың теңге;

- «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде **143 085,9** мың теңге.

Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 12-тармақшасының талаптары сақталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы **128** бірлік бұзушылық фактілері **17** объектіде орын алған.

Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша **128** бірлік **17** мекемеде анықталған, атап айтқанда:

- «Келес аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **3** бірлік;

- «Келес ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **5** бірлік;

- «Келес ауданы Бірлесу ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **10** бірлік;

- «Келес ауданы Ұшқын ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **10** бірлік;

- «Келес ауданы Жамбыл ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **10** бірлік;

- «Келес ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **2** бірлік;

- «Келес ауданы Бозай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **10** бірлік;

- «Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **10** бірлік;

- «Келес ауданы Ошақты ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **10** бірлік;

- «Келес ауданы Қошқарата ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **1** бірлік;

- «Келес ауданы Жүзімдік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 10 бірлік;

- «Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 6 бірлік;

- «Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Қазыналық қария - тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ бойынша 1 бірлік;

- «Келес ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 6 бірлік;

- «Келес ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;

- «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 26 бірлік;

- «Келес ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет аудандық мәслихат сессиясының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы №20-140-VI шешімімен бекітілген. Есепті жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігінің параметрлері 14 рет, оның ішінде өзіндік кірістер 6 рет нақтыланған. Нәтижесінде, аудандық бюджет кірістерінің бастапқыда бекітілген көлемі 30 589 209,0 мың теңгеден 31 995 874,0 мың теңгеге дейін немесе 4,5%-ға ұлғайтылған. Аудандық бюджеттің өзіндік кірістері 2 313 411,0 мың теңгеден 1 161 811,0 мың теңгеге дейін немесе 1 151 600,0 мың теңгеге (49,8%) азайтылған. Жылдың қорытындысы бойынша асыра орындау 19 354,5 мың теңгені немесе 100,1% құраған.

2020 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 32 683 783,0 мың теңгенің 32 683 114,4 мың теңгесі игеріліп, жоспар 100,0% орындалған. Шығыстар көлемін 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 4,3 пайызға кемейіп, 1 481 913,0 мың теңгеге ұлғайған.

2021 жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігі 29 656 653,0 мың теңгеде бекітіліп, жыл соңында жоспар 26 087 175,0 мың теңгені құрады немесе жыл басымен салыстырғанда жоспар 3 569 478,0 мың теңгеге кеміген. Есепті жылдың қорытындысымен бюджеттің кірістер бөлігі 26 129 879,0 мың теңгеге немесе 100,2% орындалған.

2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет аудандық мәслихат сессиясының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №34-246-VI шешімімен бекітілген. Есепті жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігінің параметрлері 20 рет, оның ішінде өзіндік кірістер 5 рет нақтыланған. Нәтижесінде, аудандық бюджет кірістерінің бастапқыда бекітілген көлемі 29 656 653,0 мың теңгеден 26 087 175,0 мың теңгеге дейін немесе 12,0%-ға кемейтілген. Аудандық бюджеттің өзіндік кірістері 1 228 838,0 мың теңгеден 1 561 013,0 мың теңгеге

дейін немесе 332 175,0 мың теңгеге (27,0%) ұлғайтылған. Жылдың қорытындысы бойынша асыра орындау 42 703,8 мың теңгені немесе 100,2% құраған.

2021 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 26 457 460,0 мың теңгенің 26 452 534,1 мың теңгесі игеріліп, жоспар 99,9% орындалған. Шығыстар көлемін 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 19,1 пайызға кемейіп, 6 230 579,9 мың теңгеге кемейген.

2022 жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігі 23 638 515,0 мың теңгеде бекітіліп, жыл соңында жоспар 24 049 424,0 мың теңгені құрады немесе жыл басымен салыстырғанда жоспар 410 909,0 мың теңгеге ұлғайған. Есепті жылдың қорытындысымен бюджеттің кірістер бөлігі 24 184 093,0 мың теңгеге немесе 100,6% орындалған.

2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет аудандық мәслихат сессиясының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №10-85-VII шешімімен бекітілген. Есепті жылы аудандық бюджеттің кіріс бөлігінің параметрлері 11 рет, оның ішінде өзіндік кірістер 4 рет нақтыланған. Нәтижесінде, аудандық бюджет кірістерінің бастапқыда бекітілген көлемі 23 638 515,0 мың теңгеден 24 049 424,0 мың теңгеге дейін немесе 1,7%-ға артқан. Аудандық бюджеттің өзіндік кірістері 1 200 566,0 мың теңгеден 1 462 756,0 мың теңгеге дейін немесе 262 199,0 мың теңгеге (21,8%) ұлғайтылған. Жылдың қорытындысы бойынша асыра орындау 134 668,9 мың теңгені немесе 100,6% құраған.

2022 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 24 520 588,0 мың теңгенің 24 225 512,8 мың теңгесі игеріліп, жоспар 98,8% орындалған. Шығыстар көлемін 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 7,3 пайызға кемейіп, 1 936 872,9 мың теңгеге кемейген.

Келес ауданы бюджетінің кірістері 2023 жылдың 7 айының қорытындысымен жоспар 5 992 550,0 мың теңге болса нақты орындалғаны 6 173 133,4 мың теңге. Есепті кезеңнің қорытындысымен жоспар 103,0 пайызға немесе 180 583,4 мың теңгеге артық орындалған. Оның ішінді:

Аудан бюджетінің өзіндік кірістері 111,4 пайызға немесе 180 583,4 мың теңгеге артық орындалған (*жоспар 1 576 007,0 мың теңге, нақты орындалғаны 1 756 590,4 мың теңге*).

Атап айтқанда:

Салықтық түсімдер 110,6 пайызға немесе 163 362,0 мың теңгеге артық орындалған (жоспар 1 538 114,0 мың теңге, нақты орындалғаны 1 701 476,0 мың теңге).

Салықтық емес түсімдер 131,8 пайызға немесе 1 101,4 мың теңгеге артық орындалған (жоспар 3 461,0 мың теңге, нақты орындалғаны 4 562,4 мың теңге).

Негізгі капиталдарды сатудан түскен түсімдер 146,8 пайызға немесе 16 119,9 мың теңгеге артық орындалған (жоспар 34 432,0 мың теңге, нақты орындалғаны 50 551,9 мың теңге).

Трансферттік түсімдердің 2023 жылғы 7 айдағы жоспары 4 416 543,0 мың теңге және толығымен орындалған.

Атап айтқанда:

Ағымдағы нысаналы трансферттердің 7 айдағы жоспары 2 016 774,0 мың теңге және толығымен орындалған.

Нысаналы даму трансферттерінің 7 айдағы жоспары 1 117 951,0 мың теңге және толығымен орындалған.

Субвенциялардың 7 айдағы жоспары 1 281 818,0 мың теңге және толығымен орындалған.

Бюджеттік кредиттердің 2023 жылғы 7 айдағы жоспары 258 750,0 мың теңге және толығымен орындалған.

Бюджеттік кредиттерді өтеу 2023 жылғы 7 айдағы жоспары 52 071,0 мың теңге болса нақты орындалғаны нақты орындалғаны 69 363,1 мың теңге. Есепті кезеңнің қорытындысымен жоспар 133,2 пайызға немесе 17 292,1 мың теңгеге артық орындалған.

2023 жылдың 7 айының қорытындысымен жоспар 97,9 пайызға игерілген немесе қалдық 141 717,6 мың теңгені құраған (есепті кезеңге жоспар 6 752 792,0 мың теңге, нақты игерілгені 6 611 074,4 мың теңге).

Жалпы Келес ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері негізінде орындалған.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

«Келес ауданы бюджетінің тиімді жоспарлануына және атқарылуына, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы барысында анықталған бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, бюджет, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне **19** материал, Түркістан облысы Келес аудандық сотына **3** материал жолданған.

Келес аудандық сотына:

1. «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 234-1 бабына сәйкес мекеме басшысы Б.Шірінбековке әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 05.12.2023-ғы №09/2724 хатымен жолданған.

2. «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу 2 фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 234-1 бабына сәйкес мекеме басшысының орынбасары Д.Байболовқа әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 05.12.2023-ғы №09/2725, №09/2726 хаттарымен жолданған.

Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне:

1. «Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес бас маман Е.Бекжановқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 07.11.2023-ғы №09/2493 хатымен жолданған.

2. Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас есепші Н.Рыскелдиевке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 21.11.2023-ғы №09/2656 хатымен жолданған. Департаменттің 06.12.2023-ғы №02-38/4332 хатына сәйкес Н.Рыскелдиев ҚР-сы ӘҚБтК-нің 238-бабының 1-бөлігі 2)тармақшасымен әкімшілік жауапкершілікке тартылып 86 250 теңге әкімшілік айыппұл салынған.

3. «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, бюджет, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалырын бұзудың **10** фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабы, 207-бабына сәйкес, мекеме басшысы Б.Шірінбековке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 05.12.2023-ғы №09/2728, 05.12.2023-ғы №09/2740, 05.12.2023-ғы №09/2741, 05.12.2023-ғы №09/2745, 05.12.2023-ғы №09/2746, 05.12.2023-ғы №09/2748, 05.12.2023-ғы №09/2750, 05.12.2023-ғы №09/2752, 05.12.2023-ғы №09/2755, 05.12.2023-ғы №09/2756, хаттарымен жолданған.

4. «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу **7** фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бас маман-есепші М.Байгуловқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 05.12.2023-ғы №09/2729, 05.12.2023-ғы №09/2730, 05.12.2023-ғы №09/2747, 05.12.2023-ғы №09/2749, 05.12.2023-ғы №09/2751, 05.12.2023-ғы №09/2753, 05.12.2023-ғы №09/2754, хаттарымен жолданған.

Аудиторлық іс-шара және қорытынды әзірлеу барысында барлығы **10** жауапты лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылса, жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **7 774 841,6** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген *(оның ішінде 7 774 588,1 мың теңге қалпына келтірілген болса, 253,5 мың теңгесі өтелген)*.

Атап айтқанда:

1. «Келес ауданы Бірлесу ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Г.Ергебекова ауыл әкімінің 19.10.2023 жылғы №32-ж/қ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

2. «Келес ауданы Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған 70,0 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Е.Қарынбаев ауыл әкімінің 24.10.2023 жылғы №25жқ өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

3. «Келес ауданы Ошақты ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған 85,8 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі А.Батырбеков ауыл әкімінің 18.10.2023 жылғы №40 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

4. «Келес ауданы Жүзімдік ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Г.Актаеваның жұмыстан шығып кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершілікке тарту мүмкін болмаған. Ауыл әкімінің 01.06.2022 жылғы №18ж/қ өкімі.

5. «Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Қазыналық қария - тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ. Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің есепшісі А.Есжанова мекеме басшысының 04.12.2023-ғы №131 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

6. «Келес ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Аудиторлық қорытынды қалыптастыру кезінде, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің сектор меңгерушісі Ж.Серікбай мекеме басшысының 27.11.2023-ғы №30жқ бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

7. Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған 136 833,9 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен қалпына келтірілген. Тиімсіз пайдаланған бюджет қаржысы 2 168,2 мың теңгені құрайды. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Ж.Ералханов мекеме басшысының 06.12.2023-ғы №222 бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

8. «Келес ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі Г.Кенжебаева мекеме басшысының 11.10.2023 жылғы №57-М бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

9. «Әшірәлі Кенжеев атындағы Келес аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Аудит жүргізу барысында анықталған 37,2 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген кәсіпорынның экономисті Еркін Елеуишов мекеме басшысының 09.10.2023 жылғы №262/ө бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

10. Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған 41,0 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепшісі А.Салқынбекова мекеме басшысының 10.10.2023 жылғы №177 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

11. Келес ауданы ішкі саясат мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған 19,6 мың теңге қаржылық бұзушылық толығымен бюджетке өндірілген. Бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепшісі Н.Алимбеков мекеме басшысының 09.10.2023 жылғы №39 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

12. Келес ауданы ішкі саясат мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында бұзушылыққа жол берген мекеменің бас есепшісі Н.Сапарбеков мекеме басшысының 11.10.2023 жылғы №69 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

13. «Келес ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Аудит жүргізу барысында анықталған 7 698 748,6 мың теңге қаржылық бұзушылықтардың 7 637 754,2 мың теңге сомасы қалпына келтірілген. Тиімсіз пайдаланған бюджет қаржысы 143 085,9 мың теңгені құраған.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Келес ауданы бюджетінің тиімді жоспарлануына және атқарылуына, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Жалпы Келес ауданы бюджетінің басты көрсеткіштері, негізінде, орындалған.

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалған. Жасалған бюджеттік өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің нақтыланған, түзетілген бюджетке сәйкестендірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 48 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасайды және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен ұсынылған.

Ұсынған құжаттарға және 4-20 «Бюджеттік сыныптама бойынша шығыстар жиынтық есебі» нысанына сәйкес 2020 жылдың 01 қыркүйегімен 2023 жылдың 31 шілдесі аралығында бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржылар жоспарланып игерілген.

2020 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 32 683 783,0 мың теңгенің 32 683 114,4 мың теңгесі игеріліп, жоспар 100,0% орындалған. Шығыстар көлемін 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 4,3 пайызға кемейіп, 1 481 913,0 мың теңгеге ұлғайған.

2021 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 26 457 460,0 мың теңгенің 26 452 534,1 мың теңгесі игеріліп, жоспар 99,9% орындалған. Шығыстар көлемін 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 19,1 пайызға кемейіп, 6 230 579,9 мың теңгеге кемейген.

2022 жылы аудандық бюджеттің жалпы шығыс бөлігінде қаралған 24 520 588,0 мың теңгенің 24 225 512,8 мың теңгесі игеріліп, жоспар 98,8% орындалған. Шығыстар көлемін 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 7,3 пайызға кемейіп, 1 936 872,9 мың теңгеге кемейген.

Келес ауданы бюджетінің кірістері 2023 жылдың 7 айының қорытындысымен жоспар 5 992 550,0 мың теңге болса нақты орындалғаны 6 173 133,4 мың теңге. Есепті кезеңнің қорытындысымен жоспар 103,0 пайызға немесе 180 583,4 мың теңгеге артық орындалған. Оның ішінді:

Аудан бюджетінің өзіндік кірістері 111,4 пайызға немесе 180 583,4 мың теңгеге артық орындалған (жоспар 1 576 007,0 мың теңге, нақты орындалғаны 1 756 590,4 мың теңге).

Келес ауданының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілуде.

Жалпы аудитпен 21 188 248,8 мың теңге қамтылған, оның ішінде 01.09.-31.12.2020 жыл кезеңі бойынша 1 167 478,6 мың теңге, 2021 жыл кезеңі бойынша 5 974 793,2 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 8 897 456,0 мың теңге, 01.01.-31.07.2023 жыл кезеңі бойынша 5 148 521,0 мың теңге.

Жалпы аудитпен қамтылған 27 объектінің ішінде 11-объектіде **8 115 935,4** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **4 260,8** мың теңге;

- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **8 111 674,6** мың теңге.

2-объектіде анықталған тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **48 194,7 000,0** мың теңге.

2-объектіде анықталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **145 254,1** мың теңге.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **8 115 935,4** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **8 111 674,6** мың теңге, өтелуге жататыны **4 260,8** мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **7 774 841,6** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген *(оның ішінде 7 774 588,1 мың теңге қалпына келтірілген болса, 253,5 мың теңгесі өтелген)*.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы **128** бірлік бұзушылық фактілері **17** объектіде орын алған.

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Нысаналы индикаторлар көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету бағытында тиісті іс-шаралар атқарылып, нәтижелілік қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар атқарылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Келес ауданы бюджетінің тиімді жоспарлануына және атқарылуына, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Келес ауданы әкімі мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектілеріне нұсқамалар жолдансын.

4. Келес ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша жолданған нұсқама талаптары орындалмаған жағдайда жинақталған материалдар процестік шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жолдансын.

1. Келес ауданының Әкіміне:

1) 2024 жылғы 27 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген Келес ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2. Келес ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылғы 27 мамырға дейін қалпына келтірілуі тиіс 4 999,0 мың теңге бухгалтерлік есепті қалпына келтіру жөніндегі шаралар қабылдансын;

3) 2024 жылғы 27 мамырға дейін 56 004,4 мың теңгені құрайтын жұмыстардың орындалуы жөніндегі шаралар қабылдансын;

4) 2024 жылғы 27 мамырға дейін өтелуі тиіс 3 741,0 мың теңге өтелсін;

5) 2024 жылғы 27 мамырға дейін анықталған бұзушылықтар бойынша өндіріп алыну қажет тұрақсыздық айыппұлдарын өндіру туралы сотқа талап арыз беру шараларын қабылдасын.

3. «Келес аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

4. «Келес ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

5. «Келес ауданы Абай ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2024 жылғы 27 мамырға дейін қалпына келтірілуі тиіс 274 489,5 мың теңге бухгалтерлік есепті қалпына келтіру жөніндегі шаралар қабылдасын.

6. «Келес ауданы Ұшқын ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

7. «Келес ауданы Жамбыл ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

8. «Келес ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

9. «Келес ауданы Бозай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

10. «Келес ауданы Қошқар ата ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

11. «Келес ауданы Алпамыс ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 27 мамырға дейін өтелуі тиіс 235,7 мың теңге өтелсін.

12. «Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2024 жылғы 27 мамырға дейін қалпына келтірілуі тиіс 1 602,6 мың теңге бухгалтерлік есепті қалпына келтіру жөніндегі шаралар қабылдасын.

13. «Келес ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылғы 27 мамырға дейін өтелуі тиіс 30,6 мың теңге өтелсін.

14. «Келес ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

15. «Келес ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне.

1) 2024 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.